

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҒДАЙЫ

Нурпеисова А.К., Қабден Н.А.
Қарағанды қ., ҚР

Аннотациясы: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігінің жағдайы қарастырылады.

Кілт сөздері: Ақпараттық технология, ақпараттық құқық, ақпараттық қауіпсіздік, интернет, компьютер, қылмыс, мемлекет.

Қазақстандағы ақпарат ресурстарының, ақпараттық жүйенің және инфрақұрылым байланысының қылмыстық топтардан қорғалуы қазіргіден де әсерлі құқықтық – қылмыстық құралдармен қорғалуы тиіс. Бұл құралдарды бірінші кезекте ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты қоғамдық қатынасты сақтауда қолдану қажет. Ол үшін қылмыстық заңнаманы заманауи Қазақстан қоғамында болып жатқан әлеуметтік – саяси өзгерістерге байланысты дамытып отыру қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы құқықтық принциптерін негізге ала отырып азаматтың бостандығы мен құқығын кепілді түрде қамтамасыз ететін қылмыстық заңнаманы реформалау үнемі мемлекеттің қылмыстық саясатымен сәйкес жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының Тұжырымдамасында 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықта, Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілгендей (одан әрі Тұжырымдама), мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды бөлігі қылмыстық саясат болып табылады. Оның ілгерілеуі қылмыстық, қылмыстық – процессуалдық және қылмыстық – атқарушылық құқықтың, сонымен қатар құқықтық қолданушылық тәжірибенің кешенді келісімі бойынша жүзеге асады[1].

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық қауіпсіздіктің жағдайын бағалау, Қазақстандағы ақпараттық технологияларды қолдану аясынан басталады.

Белгілі болғандай, ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту адам қызметтерінің өндірістік, ғылыми және күнделікті тұрмыс саласындағы маңызды аясы болып табылады. Төмендегі кестеде көрсетілгендей, ресми, нақты статистикалық мәліметтерге қарап, Қазақстан Республикасында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі артып келе жатқанын көруге болады [2].

1 – кесте

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы қызмет (млн. тенге)

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Млн. тенге	497,371	550,443	674,566	701,067	773,309	830,486	882,915


Төмендегі 1 – суретте жоғарыда көрсетілген кестемен сәйкес Қазақстан Республикасында 2016 – 2017 жылдар аралығында ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың өсу қарқынының сақталуын көреміз.

Ақпараттық технологиялардың дамуы әрбір бастамадағы секілді жағымды және тиімсіз тұстарын көрсетеді.

Жағымды тұстары белгілі, енді негізгілерін атап өтейік:

- Ақпаратпен жылдам түрде алмасу;
- Ақпаратты тез алу;
- Жаңа мүмкіндіктер мен пайдалы қолданбалар.

Жоғарыда аталған Қазақстан республикасының ресми статистикасы ақпараттық технологиялар көрсететін қызметтер топтамасының тұтас бір жинағы болып табылады.



1 – сурет

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық технологиялардың даму беталысы

Ақпараттық технологияларды жан – жақты, жаһандық енгізу ерекше ақпараттық айнала немесе ақпараттық орта құрады. Ал бұл құрылған ақпараттық орта тұрмыстық және әлеуметтік, өндірістік салаларда ерекше сипат алады. «Ақпараттық құқық», «Құқықтық – ақпараттық жүйелер», «Құқықтанудағы ақпараттық жүйе», «Экономикалық ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық қауіпсіздік» сияқты ғылыми және жаңадан пайда болған бағыттар ақпараттық технологиялардың арқасында жұртқа таңсық болмайды. Мұның барлығы ақпараттық технологиялардың Қазақстан Республикасында толыққанды дамығанын көрсетеді.

Сонымен қатар, жағымсыз жақтары да пайда болады. Бұл тенденциялар көзге айқын көрінбегендіктен көпшілік үшін қауіпті болып табылады.

Ақпараттық технологияның дамуы компьютерлік қылмыстың пайда болуымен тікелей байланысты. Айта кететіні, қылмыстың бұл бағыты - қылмыстың ерекше түрі, себебі оны бақылау, дәлелдеу, алдын алу өте қиын.

Компьютерлік қылмыс түрлері төтенше қылмыстың бірі. Басты ерекшелігі, қылмыс жасайтын адам интеллектуалды дамыған, жоғары білікті қылмыскер.

Компьютерлік қылмыстың алдын алу мәселелері ғылыми – практикалық бағытқа, «Ақпараттық қауіпсіздік» деп аталатын кешенді тақырыпқа қатысты айтылады.

Жоғарыда қарастырылған ақпараттық технологиялардың жағымсыз жақтары ақпараттық қауіпсіздіктің Қазақстан Республикасындағы алатын орнын толықтай, кешенді түрде қайта қарап шығуға себеп болды.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін бағалау жағдайы кешенді сипатқа ие, ол саяси, экономикалық және ақпараттық – техникалық факторларға байланысты. Қазақстан Республикасы президенті бекіткен тұжырымдама мәтінінде

ақпараттық қауіпсіздіктің мақсат – міндеттері, нысаны, қауіп, әдістері, және оның негізгі қамтамасыз ету бағыттары анықталған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазанда №199 «ҚР-ның ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» Жарлығында мынадай шешімдер шығарылды:

- Ақпараттық қауіпсіздіктің деңгейі адамның, қоғамның және мемлекеттің қажеттілігіне сай келмейді;

- Мемлекеттің саяси, әлеуметтік – экономикалық даму жағдайы ақпараттық қауіпсіздіктің дамуына жекелеген шектеулер қоюға қажеттілік туғызады.

- Мемлекеттік органдарды толыққанды, сенімді және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ақпаратты қорғаудың отандық үлгілері қажет;

- Ақпараттық кеңістікте Интернет ролінің өсуіне байланысты адамның және қоғамның құқығы мен бостандығын қорғау қажеттілігі туындайды. Сыртқы қауіп Қазақстан Республикасының заңнамасынан тыс болуы мүмкін, сол себепті құқықтық шараның жұмыс істеу жүйесін қиындатады.

Жоғарыда айтылған қиындықтар, қажеттіліктер, шектеулер осы ақпараттық қауіпсіздік саласында қажетті мамандарды даярлау қажеттілігін туғызады. Тұжырымдамада айтылғандай, ең негізгі деген ұсыныстардың бірі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін оқу – әдістемелік және мамандарды даярлау базаларын құру болып табылады.

Зерттеу жұмысының басты бағыты Интернет және ақпараттық технологияларды қолданғандағы ақпарат қауіпсіздігін сақтау, ақпараттық қорғаудың тиімді әдісін құру. Маңыздылығы жағынан екінші мәселе – компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету. Ол дегеніміз компьютерді меңгерудің элементарлы тұстары емес, аппараттық – бағдарламалық құралдардың негізгі жұмысын меңгеру.

Зерттеудің үшінші бағыты – ақпараттық және Интернет технологияларын қолданғанда авторлық құқықты қамтамасыз ету.

Өкінішке орай Қазақстан республикасында бұл пәндер бойынша практикалық дайындықтар мүлдем өткізілмейді. Тек факультатив түрінде ғана. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздік саласын әрі қарай дамыту үшін елімізде ақпараттық қауіпсіздікті практикалық түрде дайындайтын базаларды көбейтіп, мамандарды көптеп шығару қажет [3].

Жұмыс барысында негізгі деген мәселелерді қарастырып, оларға жауап беруге тырыстық. Ақпараттық қауіпсіздіктің құқықтық негіздері мықты және дамыған тұлға, қоғам, мемлекет құруға септігін тигізеді деп ойлаймыз. Жүргізілген зерттеулерге байланысты мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздік деңгейін жоғары деп әзірге айта алмаймыз. Бірақ сол деңгейді жоғары қалыпқа жеткізу үшін әлі де көптеген жұмыстар жасауға тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. / Утверждена Указом Президента РК от 24 августа 2009 года № 858. // Казахстанская правда. — 2009. — 27 августа.

2. Министерство Национальной экономики РК/Комитет по статистике /URL:http://stat.gov.kz (дата обращения 31.08.2016)

3. Баширов А.В // Метод определения значимости факторов состояния системы защиты информации// Международный научный журнал “Актуальные проблемы современности”, Серия “Технические науки”, N 10 (90), Караганда 2011 С 89-92